

*А. А. Қалиев,*

*азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны;  
Ж. М. Исетова, ФЗИ-ның қылмысты тергеу проблемаларын зерттеу бойынша орталықтың  
ғылыми қызметкері, полиция капитаны (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды  
академиясы)*

### **ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ САЛДАРЫНАН КЕЛТІРІЛГЕН НҰҚСАНДЫ (ЗАЛАЛДЫ) ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ӨТЕТУГЕ ҚҰҚЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ СҰРАҚТАРЫ**

Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде жариялай отыра өз алдына бұзылған құқықты едәуір әділетті, тез және тиімді қалпына келтіруді және келтірілген нұқсанды (залалды) өтетуді қамтамасыз ету міндетін қояды. Осы міндетті қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының, оның ішінде ішкі істер органдарының рөлі өте зор.

Ішкі істер органдарының рөлі Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасында: «Азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығы, еліміздегі қылмыстың жай-күйі пен криминогендік жағдайдың деңгейі ішкі істер органдары қызметінің тиімділігіне байланысты, сондықтан ішкі істер органдарын жетілдіру процесі қылмыстық кәріністер мен құқық бұзушылықтардың алдын алуда олардың жылдам әрі барабар әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс» деп айқындалған.

Ішкі істер органдарының қызметі бір жағынан, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жеке адамға, меншікке қарсы қылмыстарға және басқа да жалпы қылмыстарға қарсы күресте сәзсіз бірінші орында тұрса, екінші жағынан, олардың қызметі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген нұқсанды өтету құқығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Республикамыздың әр саласында құқық қорғау мен құқық қолдану қызметін және отандық заңнаманы, әсіресе, қылмыстық сот әндірісін реттейтін заңнаманы жетілдіруге бағытталған кәштеген реформалар жүзеге асырылды. Реформадағы басты басымдықтардың бірі адамға, тұлғаға, оның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының кепілдігіне, құқық бұзушылықпен келтірілен нұқсанның (залалдың) орнын толтыруға немесе бастапқы қалыпқа келтіруге деген қарым-қатынас табылады. Барлық мемлекеттік органдардың қызметі, оның ішінде, қылмыстық тергеуді жүзеге асыратын орган ретіндегі Ішкі істер органдарының жұмысы бәрінен бұрын осы бағыттарды қамтамасыз етуге жұмылдырылған.

Келтірілген нұқсанның орнын толтыру институты қазақстандық азаматтық заңнамадағы дамып жетілу үстіндегі жас институттардың бірі деп айтуға болады. Сол себепті кәштеген даулы жағдайлар мен теориялық проблемалар, оның ішінде құқық бұзушылықпен келтірілген нұқсанды өтету құқығын іске асырудың бірқатар мәселелері өз шемін тапқан жоқ.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген нұқсанды өтеу мәселесінің маңызы мен өзектілігі кәштеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерімен расталған.

Алайда, жәбірленушіге қылмыспен, сонымен қатар, құқық қолдану практикасымен келтірілген нұқсанды өтетуге құқығының бекітетін қолданыстағы нормаларды жетілдіру жәніндегі даулар басылмай отыр.

Қылмыспен келтірілген нұқсанды өтеу тақырыбы өте кәлемді және оларды бір мақалада кешенді қарастыру мүмкін емес, сондықтан жәбірленушіге келтірілген мүлктік нұқсанды өтеу проблемаларына тоқталып өтейік.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 71-бабының 1 тармағында жәбірленуші болып тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен моральдық, физикалық немесе мүлктік нұқсан келтірілген деп есептеуге негіз бар тұлға есептеледі. Мұның өзінде тұлғаны жәбірленуші деп тану үшін заңдық негіз болып лауазымды тұлғамен келтірілген нұқсанның түрі мен кәлемі кәрсетілген тиісті қаулыны ресімдеуі табылады. Жеке тұлғаны жәбірленуші деп тану үшін нақты негіз болып оған тікелей қылмыспен физикалық, мүлктік, моральдық нұқсан келтіру фактісі табылады. Заңды тұлға үшін жәбірленуші деп тану үшін нақты негіз болып оның мүлкіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіру фактісі табылады.

Жәбірленушінің қылмыспен келтіріліген нұқсанды әтетуге құқығы — оның ажырамас құқығы, «әділ сот тәрелігінің маңызды кәрсеткіші»<sup>2, 506</sup>. Заң әдебиеттерінде жәбірленушіге келтіріліген нұқсанды әтеу проблемаларын шешу жолдары бірқатар ғалымдармен белсенді талқылаудан өткен. Жәбірленушінің нұқсанды толық кәлемде әтетуге құқығы туралы А. Г. Мазалов пен В. М. Савицкий еңбектерінде зерттелген. Келтіріліген материалдық және моральдық нұқсанды жою немесе оның орнын толтыру туралы Т. В. Кленованың еңбегінде қарастырылған. Н. И. Коржанский қылмыспен келтіріліген нұқсанды толық кәлемде әтетуді қылмыстық-құқықтық қағидат дәрежесіне бекітуді ұсынады. Ал В. Е. Батюкованың ойынша жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін тиісті тәртіпте қамтамасыз ету үшін «қылмыстық әрекет жасау салдарынан қол сұғылған (шектелген) жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бастапқы күйге толық қалпына келтіруді білдіретін «*restitutio in integrum*» қағидаты басты орында болу қажет»<sup>3, 14</sup>. Әз кезегінде Т. Ю. Погосян жәбірленушіге «қылмыскерден және мемлекеттен өз заңды құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруін талап ету» құқығы туралы пайымдайды<sup>4, 67—68</sup>.

Жәбірленушінің келтіріліген нұқсанды әтетуге құқығын қамтамасыз етуші нормалар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы нақты бекітеді. Азаматтық кодекстің 9-б. 4 т. бойынша кезкелген адам, оның ішінде жәбірленуші тұлға, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше кәзделмесе, әзіне келтіріліген залалды толық әтелуін талап етуге толық құқығы бар. Мұндағы келтіріліген мүліктік залал — бұл құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауға тиісті шығыстар, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы (нақты нұқсан), және де сол адамның құқығы бұзылмаған болса, дағдылы айналым жағдайында оның алуына болатын, бірақ алынбай қалған табыстары (айрылып қалған пайда).

Қылмыспен келтіріліген мүліктік нұқсанды әтетуді қамтамасыз ету астарында жүргізілетін әрекеттердің барлық жиынтығын және оларды жүргізу кезінде туындайтын, сот әндірісінің тиісті міндетін орындауды кепілдендіруге арналған қатанастарды түсіну қажет.

Қылмысты жасау салдарынан келтіріліген нұқсанды әтеу сотқа дейінгі тергеудің басында, алдын ала тергеу, сот талқылауы, үкімді орындау сатыларында жүзеге асырылады.

Әтінімнің нысанына, сонымен қатар, ол жәбірленушіден түскені-түспегеніне қарамастан, тергеуші қылмыспен келтіріліген мүліктік нұқсан туралы жеткілікті мәліметтер бар болғанда келтіріліген нұқсанды барынша толық әтетуге бағытталған процестік әрекеттер қабылдауға міндетті. Ондай шараларға тергеушінің келесі бағыттағы әрекеттер жатады:

- келтіріліген нұқсан үшін мүліктік жауаптылыққа тартылатын тұлғаларды анықтау;
- әндіріп алуға жататын мүлікті іздестіру;
- сол мүлікке тыйым салу;
- сот орындаушысы осы мүлікті соттың тиісті үкімі болуы кезінде мүліктік нұқсанды әте-ту үшін қолдана алатындай етіп оның сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдау<sup>5, 80—85</sup>.

Қазіргі таңда жәбірленушіге қылмыспен келтіріліген нұқсанды әтетудің негізгі жолы (қай-нар кәзі) болып жәбірленушімен қылмыстық істі қарастыру кезінде немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде талап етілетін кінәлі тұлғамен азаматтық талап тәртібінде нұқсанды әтеуі табылады.

Жәбірленушінің азаматтық талабы — бұл негізінде құқық бұзушылықпен келтіріліген нұқсанды әтетудің жалғыз әмбебап тәсілі<sup>6, 124</sup>. Алайда осыған қарамастан осы құқықтық институтты іске асыру кезінде қазіргі таңда құқық бұзушылықпен келтіріліген нұқсанды қалпына келтіруге кедергі келтіретін проблемалар туындайды. Олардың қатарына жәбірленушіге құқық бұзушылықпен келтіріліген мүліктік немесе моральдық нұқсанның әтеусіз қалуы немесе толық кәлемде әтелмеу жағдайларын жатқызуға болады. Сондықтан жәбірленушіге келтіріліген нұқсанның орнын толтыру механизмінде мемлекеттің субсидиялық жауаптылығы мәселесін қозғауға болады. Оның әзінде нұқсан келтіріліген қылмыс қоғамға аса қауіптілігімен, ауырлығымен және жасалу мақсатымен ерекшеленуі тиіс болып табылады.

Жәбірленушіге қылмыспен келтіріліген нұқсанды мемлекетпен орнын толтыру қажеттілігін кәптеген зерттеушілер қолдайды, оның ішінде В. В. Батуевтың ойы: «Қылмысты жасауда және жәбірленушіге нұқсан келтіруде тек қылмыскердің кінәсі ғана емес, азаматтарға қауіпсіздікті қамтамасыз етпеген мемлекеттің әзінің кінәсі бар болғаннан кейін, жәбірленушінің нұқсанды толық әтетуге, оның ішінде мемлекет есебінен әтетуге құқығын мойындау қажет.

Егер қылмыстың алдын алу жүргізілмесе, оның жасалғаны үшін мемлекеттік жауаптылық қағидаты қолданылуы тиіс. Мемлекет тұтастай қоғамның және әрбір жекелеген тұлғаның құқықтары сақталуының кепілі болып табылады. Жәбірленуші мемлекеттен өз құқықтарының, оның ішінде мүліктік құқықтарының қалпына келтірілуін талап етуге құқылы»<sup>7</sup>, 25.

Осылайша, қылмыстан жәбірленушінің құқығын, оның ішінде мүліктік және моральдық нұқсанды өтеу құқығын қамтамасыз ету механизмі жетілдірілуі қажет. Атап айтқанда, келесідей ықпалды құқықтық шараларды жүзеге асыру керек:

1) кінәлі тұлға тарапынан жәбірленушіге нұқсанды өтеу мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіліп, қылмыстық жауаптылықтың бір бөлігіне айналуы қажет. Сондықтан, жазалау түрлерінің ішіне, жазалау сипаты келтірілген нұқсанды оны жою, ұқсас мүлікті немесе ақшалай соманы беруден тұратын қылмыспен келтірілген нұқсанды өтеу; жойылған мүлікті қайтару; емдеу шығындарын өтеу; жәбірленуші алдында жариялы түрде кешірім сұрау; нұқсанды басқалай өтеу тәрізді жазаларды енгізу қажет;

2) қылмыстық сот ісін жүргізу әндірісі аясында азаматтық талап қоюшының құқықтарын кеңейту қажет;

3) қылмыстың түріне, қоғамға және жалпы адамзатқа аса қауіптілігіне, ауырлығына және жасалу мақсатына байланысты жәбірленушіге келтірілген нұқсанды мемлекетпен субсидиялық тәртіпте орнын толтыру мүмкіндігін немесе оның орнын толтырылуын мемлекеттің ықпал ету механизмімен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру қажет.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығы // <http://online.zakon.kz>

<sup>2</sup> Хохряков Г. Ф. Криминология: Учебн. / Под ред. В. Н. Кудрявцева. — М., 2000.

<sup>3</sup> Батюкова В. Е. Потерпевший в уголовном праве: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1995.

<sup>4</sup> Козаченко И. Я., Погосян Т. Ю. Уголовная ответственность // Уголовное право. Общая часть: Учебн. / Под ред. И. Я. Козаченко, З. А. Незнамовой. — М., 2000.

<sup>5</sup> Селедникова О. Н. Некоторые проблемы возмещения имущественного вреда, причиненного преступлением, на стадии предварительного расследования // Административное и муниципальное право. — 2012. — № 8.

<sup>6</sup> Анощенко С. В. Уголовно-правовое учение о потерпевшем / Под ред. Н. А. Лопашенко. — М., 2006.

<sup>7</sup> Батуев В. В. Обеспечение при расследовании преступления гражданского иска потерпевшего: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1999.